**Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 10 жылдығын Астана қаласында мерекелеу күндерінде облыстар мен Алматы қаласының делегацияларына кейбір мемлекеттік органдар мен өзге де ұйымдарды бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі 2001 жылғы 16 қараша N 93-ө

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 10 жылдығын Астана қаласында мерекелеу күндерінде салтанатты іс-шараларға облыстар мен Алматы қаласы делегацияларының қатысуын ұйымдастырушылық қамтамасыз ету мақсатында:

1. Қосымшаға сәйкес облыстар мен Алматы қаласының делегацияларына

мемлекеттік органдар мен өзге де ұйымдар (келісім бойынша) бекітілсін.

2. Мемлекеттік органдар мен өзге де ұйымдар (келісім бойынша) қарсы алу мен шығарып салуды, мәдени бағдарламаны, медициналық, көліктік қызмет көрсетулерді, тамақтандыруды ұйымдастырсын, сондай-ақ делегациялардың Астана қаласында болуының барлық кезеңіне олардың тұру жағдайларын жасасын.

3. Осы өкімнің орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңсесіне жүктелсін.

Премьер-Министр

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
2001 жылғы 16 қарашадағы
N 93 өкіміне
қосымша

Облыстар мен Алматы қаласының делегацияларына бекітілген министрліктердің, агенттіктердің, ведомстволар мен өзге де ұйымдардың тізбесі

1. Ақмола облысы - Қазақстан Республикасының Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігі

2. Ақтөбе облысы - Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі

3. Алматы облысы - "Қазақстан Темір жолы" РМК (келісім бойынша)

4. Атырау облысы - Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі

5. Шығыс Қазақстан облысы - Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі

6. Жамбыл облысы - "Мұнай және газ тасымалдау" Ұлттық компаниясы" ЖАҚ (келісім бойынша)

7. Батыс Қазақстан облысы - Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі

8. Қарағанды облысы - "Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы" ЖАҚ (келісім бойынша)

9. Қызылорда облысы - Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі

10. Қостанай облысы - Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі

11. Маңғыстау облысы - Қазақстан Республикасының Қаржы полициясы агенттігі

12. Павлодар облысы - Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Кіріс министрлігінің Кеден комитеті

13. Солтүстік Қазақстан облысы - "Қазақтелеком" ААҚ (келісім бойынша)

14. Оңтүстік Қазақстан - Қазақстан Республикасының

облысы Қаржы министрлігі

15. Алматы қаласы - "Қазақойл" Ұлттық мұнай-газ компаниясы" ЖАҚ (келісім бойынша)

Мамандар:
Багарова Ж.А.,
Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК